23153030759

Ұ Й Ғ А Р Ы М
(жасалған медиативтік келісімді бекіту туралы)

2025 жылғы 20 қараша №5165-25-00-2/3198 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.О. Рыскулбеков, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген.

Іс бойынша тараптардан дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы және оның медиация рәсімін судья К.О. Рыскулбеков бекіту туралы өтініш түскен. Тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол қойған және олардың қатысуынсыз қарауын сұраған.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 27-бабының 5) тармағына сай, азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім дереу өндірісінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексте (бұдан әрі - АПК) көрсетілген тәртіппен бекітеді.

Сот медиациялық келісім заңға қайшы келмейтінін, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын ескере отырып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту қажет деп табады.

Тараптарға істі сот медиациясы тәртібімен аяқтаудың салдары, келісімді орындау міндеттілігі, орындалмаған жағдай орын алғанда туындайтын жауапкершіліктері заң тәртібімен түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 277-бабының 6) тармағына және 278-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады. Тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса іс жүргізуді тоқтата отырып, сот ұйғарымда мемлекеттік бажды осы Кодекстің 107-бабының талаптарына сәйкес қайтару туралы көрсетеді.

Сотқа жүгінген кезде талап қоюшы мемлекеттік баж төлеген, алайда медиативтік келісімнің жасалуына байланысты ол қайтаруға жатады.

АПК-нің 179-180, 278, 268- 269-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - талап қоюшы) және «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында медиациялық келісімі төмендегі көрсетілген шарттар бойынша бекітілсін:

1. Жауапкер 2025 жылғы 10 қаңтардағы «Түркістан облысы Төлеби ауданы, Зертас ауылдық округі, Зертас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (сыртқы инженерлік желілер)» нысаны бойынша №5 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2025 жылғы 29 сәуірдегі сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2025 жылғы 29 қарашаға дейін енгізуге міндеттенеді;

2. Жауапкер талап қоюшыға 2025 жылғы 10 қаңтардағы №5 қосалқы мердігерлік шарт бойынша төленуге тиісті 436 069 (төрт жүз отыз алты мың алпыс тоғыз) теңгені 2025 жылғы 29 қарашаға дейінгі мерзімде төлеуге міндеттенеді;

3. Тараптардың бірі медиативтік келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда талап қоюшы (жауапкер) АПК-нің 178-бабының тәртібінде атқару парағын беру үшін Түркістан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгінуге құқылы, яғни ол АПК-нің 19-тарауының қағидалары бойынша мәжбүрлеп орындатуға жатады;

4. Тараптар осы медиативтік келісімнің шарттары заңға қайшы келмейді және кімнің болса да құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды деп бекітеді;

«Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Түркістан қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне төленген 15 048 (он бес мың қырық сегіз) теңге 07 (жеті) тиын мемлекеттік баж салығы қайтарылсын.

Талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы азаматтық ісі бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Құжатқа қол қойылған: Рыскулбеков К. О., 20.11.2025

Судья **К.О. Рыскулбеков**

Құжатқа қол қойылған: Рыскулбеков К. О., 20.11.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 02 желтоқсан№5165-25-00-2/3304 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.С.Кәрім,талап қоюшы «ОрдаСтройПроект KZ»жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «АрхСтройКомпани»жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралыталап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген, онда жауапкерге 2025 жылғы 10 қаңтардағы «Түркістан облысы Төлеби ауданы, Зертас ауылдық округі, Зертас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (сыртқы инженерлік желілер)» нысаны бойынша №4 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2025 жылғы 29 сәуірдегі сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті енгізуді міндеттеуді және 700 721 теңге қарыз сомасын өндіруін сұраған.

2025 жылғы 27 қарашадағысот ұйғарымымен жоғарыды көрсетілген азаматтық іс бойынша тараптар арасында медиативтік келісім бекітілген.

Алайда, сот ұйғарымының кіріспе және қарар бөліктерінде жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» орнына «Агроспецмонтаж» өндірістік кооперативі»- депқате көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Талап қоюға және оған тіркелген іс-құжаттарға қарағанда жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көрсетілген.

Осығанбайланысты сотұйғарымыныңкіріспе және қарарбөлігінетүзетуенгізудіқажетдепсанайды.

АПК-нің 235, 268-269-баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісі бойынша 2025 жылғы 27 қарашадағысот ұйғарымының кіріспе және қарар бөліктеріне түзету енгізілсін.

Жауапкер «Агроспецмонтаж» өндірістік кооперативі» деген сөздердің орнына жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» - деп түзетілсін.

Ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық

экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 02.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

23174528472

Ұ Й Ғ А Р Ы М
(жасалған медиативтік келісімді бекіту туралы)

2025 жылғы 26 қараша №5165-25-00-2/3069 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.С.Кәрім, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы «ПРЕМИУМ ИНЖИНИРИНГС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен берешекті өндіріп алу туралы және сәйкестік туралы декларацияға қосалқы мердігер туралы ақпаратты енгізуді міндеттеу туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген.

Іс бойынша тараптардан дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы және оның медиация рәсімін судья Б.С.Кәрім бекіту туралы өтініш түскен. Тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол қойған және олардың қатысуынсыз қарауын сұраған.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 27-бабының 5) тармағына сай, азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім дереу өндірісінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексте (бұдан әрі - АПК) көрсетілген тәртіппен бекітеді.

Сот медиациялық келісім заңға қайшы келмейтінін, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын ескере отырып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту қажет деп табады.

Тараптарға істі сот медиациясы тәртібімен аяқтаудың салдары, келісімді орындау міндеттілігі, орындалмаған жағдай орын алғанда туындайтын жауапкершіліктері заң тәртібімен түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 277-бабының 6) тармағына және 278-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады. Тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса іс жүргізуді тоқтата отырып, сот ұйғарымда мемлекеттік бажды осы Кодекстің 107-бабының талаптарына сәйкес қайтару туралы көрсетеді.

Сотқа жүгінген кезде талап қоюшы мемлекеттік баж төлеген, алайда медиативтік келісімнің жасалуына байланысты ол қайтаруға жатады.

АПК-нің 179-180, 278, 268- 269-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 26.11.2025

Талап қоюшы «ПРЕМИУМ ИНЖИНИРИНГС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Талап қоюшы) және «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Жауапкер) арасында медиациялық келісімі төмендегі көрсетілген шарттар бойынша бекітілсін:

1. Жауапкер 2025 жылғы 13 қаңтардағы «Түркістан облысы Төлеби ауданы, Зертас ауылдық округі, Зертас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (сыртқы инженерлік желілер)» нысаны бойынша №6 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2025 жылғы 29 сәуірдегі сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «Премиум Инжинирингс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2025 жылғы 29 қарашаға дейін енгізуге міндеттенеді;

2. Жауапкер талап қоюшыға 2025 жылғы 13 қаңтардағы №6 қосалқы мердігерлік шарт бойынша төленуге тиісті 519 588 (бес жүз он тоғыз мың бес жүз сексен сегіз) теңгені 2025 жылғы 29 қарашаға дейінгі мерзімде төлеуге міндеттенеді;

Тараптардың бірі медиативтік келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда талапкер (жауапкер) АПК-нің 178-бабының тәртібінде атқару парағын беру үшін Түркістан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгінуге құқылы, яғни ол АПК-нің 19-тарауының қағидалары бойынша мәжбүрлеп орындатуға жатады;

Тараптар осы медиация келісімнің шарттары заңға қайшы келмейді және ешкімнің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды деп бекітеді;

«Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Түркістан қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы «ПРЕМИУМ ИНЖИНИРИНГС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне төленген 17 554(он жеті мың бес жүз елу төрт) теңге мемлекеттік баж салығы қайтарылсын.

Талап қоюшы «ПРЕМИУМ ИНЖИНИРИНГС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен берешекті өндіріп алу туралы және сәйкестік туралы декларацияға қосалқы мердігер туралы ақпаратты енгізуді міндеттеу туралы азаматтық ісі бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 26.11.2025

Құжатқа қол қойылған: Керім Б. С., 26.11.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»